

**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы  
бойынша білім бөлімі**  
**Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі»**  
**КММ жалпы қамқоршылық кеңес отырысы**  
**Хаттамасы №1**

Мерзімі: 29.08.2023

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын жаңдандыру, дамыту мүшелерін, төрайымын сайлау негізгі ережелерге тоқталу А.Молдобаева
2. Қамқоршылық кеңестің жыл бойғы жұмысын жоспары мен таныстыру, атқарылған іс-шараларға тоқталу. Мектепке демеушілерді тарту, осы бағытта жұмыс жасау. Е.Амет
3. Қамқоршылық кеңестің құрамын, төрайымын тағайындау А.Молдобаева

**1.** Жаңа оку жылымен баршамызға құтты болсын. Жиынға келген қамқоршылық мүшелері мен әр сыныптың ата-аналар комитетіне, жалпы қамқоршылық кеңестің жұмысы, жоспаралары таныстырылды. Кеңестің мектептің тыныс – тіршілігіндегі рөлі, маңыздылығы баса айтылды. Сонымен қатар қамқоршылық кеңестің мақсаты, мектепке үлкен қолдау қажет ететіндігі туралы да баса айтылды. Сондықтан білім беру мекемесінің дамуына қайырымдылық, демеушілік көрсету үшін жан-жақты жұмыстар жүргізілуіне белсендерлік танытсак. Жергілікті кен орны «Алтыналмас» біраз көмектер жасады, алдағы уақытта да өндіріс орнынан үлкен көмек күтеміз. Осы бағытта мектеп әкімшілігі мен қамқоршылық кеңес бірлесе, бір мақсатта жұмыс жасаса. Қамқоршылық кеңес құрамына кез-келген ата-ана сайланады. Кеңес құрамы үш жылға сайланып, жылына төрт рет жиналыс өткізеді. Қамқоршылық кеңес құрамын сайлау еркін, әр ата-ана өздері қалаған адамға дауыс беру арқылы сайлай алады. Ал кеңестің төраймын, кеңес мүшелері еркін түрде сайлайды.

**Қаулы; Қамқоршылық кеңестің жұмыс, мақсаты, мүшелерін сайлау ережелері танастырылды.**

- 2.** Қазіргі танда қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауга қосымша қаржы тарату мақсатында құрылады. Сол себептен қазіргі мектептердің жағдайын ескере отырып қамқоршылық кеңестің бүгінгі қоғамдағы рөлі жоғары, мектеп үшін таптырмас бірлестік екені айқын. Оған дәлел соңғы

кездерде мектепте атқарлыған істер. Яғни мектептің салтанат залын безендіру, кейбір сыныптардың жиһазының жаңаруы, мектепке әкелінген түрлі жиһаздар. Жоғарыдағы жұмыстардың жүзеге асуына демеушілердің көп көмегі болды. Осы бағытта қамқоршылық кеңес, мектеп әкімшілігі бірлесе үлкен жұмыстар атқарады. Алдағы қарттар күні, Республика күні, Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелері қарсаңында үлкен іс шаралар, байқаулар үйымдастыру, жарыстар өткізу көзделуде. Мектеп жастарын марапаттау, қолдаукеректігі баса айтылды.

**Қаулы; Қамқоршылық кеңестің өткен жұмысына жақсы баға берілді, алдағы уақытта бірлесе жұмыс жасау нығайтылады.**

3. Үшінші сұрақ бойынша сөз алған мектеп директоры А.Молдобаева қамқоршылық кеңестің құрамы көпшіліктің қалауы мен бұрынғыдай қалғанын жариялады.

Ал кеңестің төрайымы болып жабық дауыс беру нәтижесінде  
Жармакова Алия сайланды.

**Қамқоршылық кеңес құрамы:**

- 1) Курумбаева Гүлдана
- 2) Амандық Талант
- 3) Қизат Қатира
- 4) Тақыр Сара
- 5) Табарак Фатиха
- 6) Мұхитқан Тілекберді
- 7) Төлеубай Айжанар
- 8) Рахимова Динара
- 9) Жармакова Алия қамқоршылық кеңес төрайымы

**Қаулы: Қамқоршылық кеңес құрамы, төрайымы сайланды, таныстырылды.**

Мектеп директоры;

Хатшы:



А. Молдовева  
Қ. Икарқызы